КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 19 маусымдағы іс №1912-25-00-2/935 Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Е.Д.Байбутаев
сот отырысының хатшысы Д.Туткабек отырып,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесі, БСН 110 840 018 688

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Амина» атынан Айнабай Әселхан Бахтиярқызы, ЖСН 970 622 400 712

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Калымбетұлы А.
Талап қоюшының өкілі Г.Узақова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы» ММ, Қазақстагн Республикасының Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» қағидасының 10 бабының 5) тармақшасының мемлекеттік сатып алу тәсілініңэлектрондық дүкен арқылы, осы қағиданың 26-1-қосымшасына сәйкес, 2025 жылдың 04 наурыздағы №74909940 жоспардың тармағы

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

бойынша электрондық дүкен арқылы мемлекеттік сатып алу қорытынды туралы хаттамасына сәйкес ИП «Амина» ұтып алды.

Электрондықцифрлікқолтаңбаменкуәландырылған2025жылдың12 наурыздағы №110840018688/250035/00 келісім шарттың сомасы 98997(тоқсан сегіз мың тоғыз жүз тоқсан жеті) теңге 00 тиынға шарт жасалды 2025 жылдың 12наурызында қазынашылықта тіркелген күнннен бастап күшіне енді.

Кеңсе тауарларын жеткізу мерзімі Шартқа сәйкес шарт күшіне енген күннен бастап16 күнаралығында, 2025 жылдың 28 наурызынап дейін өз міндеттемелерінтиісінше орындамады. Өнім берушіге ҚР мемлекеттік сатып алу туралы веб порталы арқылы хабарлама хат жіберілді. Байланыс номеріне бірнеше рет телефон соғылды. Жауап бермеді. (қосымша скриншот қоса беріледі).

Шарт бойынша міндеттемелерді тиісті орындамауына байланысты, «Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы» ММ Алматы облысы Қонаевқаласында орналасқан МАЭС-қа« Амина» жеке кәсіпкерінмемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және 2025 жылғы 12 наурыздағы №110840018688/240017/00) келісім шарттың 7 тармағының 7.3 тармақшасына сәйкес «Тауарды» жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбіркүнүшінорындалмағанміндеттемелерсомасының0,1%мөлшеріндетұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл)өндіріп алу туралы талап арыз беруге міндетті.

Осыған орай, 2025 жылғы 18 сәуірде талап қоюшы тарапынан осы талап қою сотқа тапсырылды.

Жауапкердің тарапынан қарсы пікір жазбасша түрде тапсырылмаған.

Талап қоюшының өкілі сотта шартта көрсетілген қызметтерің жауапкер орындамағаның, осыған байланысты шарт бұзылды. Осыған байланысты заңға сәйкес шешім қабылдауға соттан сұрады, яғни жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыз айыбың өндіру.

Жауапкер сотқа қатыспады бірнеше рет хабарласқанына қарамастам, осыған байланысты оның сотқа қатыспағаны сотымен себепсіз деп табылып, оның қатысыуз осы азаматтық іс қаралды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Құжатқа қол қойылған: Байбутаев Е. Д., 20.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 21.07.2025, судья Байбутаев Е. Д., 21.07.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Қазақстан Республикасы Азаматтық процесстік кодексінің /АПК/ 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Сотта анықталғандай жауапкер өзіне алған міндеттерың толығымен орындаған жоқ. Осы себебте екі тараптардың арасында жасалған шарт талап қоюшынын тарапынан бір жақты бұзылды.

Шант бойынша ұақытылы міндеттерің тараптар орындалмаса тұрақсыздық айып төлеу міндет болатын.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындау кәжет болғанына байланысты, тауарды жеткізмегенің ескеріп, шарта тұрақсыздық айыппұл туралы көрсеткенің, талап қою қанағаттандыруға жататын деп санайды.

АПК-нің 117 -бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіруге жатады, себебі талап қою қаңағаттандырылды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229, 401, 405 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесі жауапкер жеке кәсіпкер «Амина» атынан Айнабай Әселхан Бахтиярқызы - мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және мемлекеттік кірісіне тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қаңағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Амина» атынан Айнабай Әселхан Бахтиярқызы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануды.

Жеке кәсіпкер «Амина» атынан Айнабай Әселхан Бахтиярқызы атынан мемлекеттік кірісіне 1 980 /бір мың тоғыз жүз сексен/ теңге көлемінде тұрақсыздық айыбын және сот шығындар яғни мемлекеттік баж 2 025/екі мың жифрма бес/ теңге мөлшерінде өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Байбутаев Е. Д., 20.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 21.07.2025, судья Байбутаев Е. Д., 21.07.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Судья **Е.Д.Байбутаев**

Құжатқа қол қойылған: Байбутаев Е. Д., 20.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 21.07.2025, судья Байбутаев Е. Д., 21.07.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
- Судопроизводство -